
	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	Ф 017-2.84-2022
		31.10.2022 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 1-16



«БЕКІТІЛДІ»  
 ҚР МСМ МК «Темірбек  
 Жүргенов атындағы Қазақ  
 ұлттық өнер академиясы» РММ  
 Ғылыми Кеңесінің шешімімен  
 « 27 » \_\_ 04 \_\_ 2023 ж.  
 № 11 \_ хаттама

**7M02195 – ӨНЕРТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
 БОЙЫНША МАГИСТРАТУРАҒА  
 ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы  
 2023 ж.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	Ф 017-2.84-2022
		31.10.2022 ж.
<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі		Бет 2-16

### 1. ӘЗІРЛЕНДІ


Жаксылыкова М.Б. – өнертану кандидаты, профессор

### 2. ТАЛҚЫЛАНДЫ


«Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының отырысы  
«17» 04. 2023 ж. Хаттама № 9

### 3. КЕЛІСІЛДІ

Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор  Қ.З.Халықов

ЖОО кейінгі білім берудің ғылыми-зерттеу  
орталығының басшысы  А.А.Кульшанова

ЖОО кейінгі білім беру  
бөлімінің басшысы  Ж.А.Тлеулинова

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	Ф 017-2.84-2022 31.10.2022 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 3-16

Магистратураның арнайы пәні бойынша қабылдау емтиханының бағдарламасы жоғары білім берудің осыған дейінгі деңгейі (бакалавриат) бағдарламасының көлеміне сай құрастырылған.

7M02195 «Өнертану» БББ /театртану/ бойынша магистратураға тапсырушы талапкердің дайындық деңгейіне қойылатын негізгі талаптар:

### I. Магистратураға тапсырушының хабары болуы керек:

Магистратураға тапсырушының терең әрі жан-жақты кәсіби даярлығы болуы қажет, заманауи ақпараттық технологияларды меңгеруі және заманға сай туындаған мәселелерді анықтап, оны шеше білуі керек.

#### **білуі керек:**

- жалпы және отандық өнер мен мәдениеттің тарихын, олардың даму заңдылықтарын;

- шығармашылық үдерістің ерекшеліктерін;

- кәсіби саладағы шығармашылық, ұйымдастырушылық, әдістемелік және зерттеушілік қызметтің теориялық негіздерін;

#### **қолдану:**

- өзінің кәсіби қызметінде теориялық білімдерін қолдана алуы;

- заманауи өнердегі жаңа тенденцияларды зерттеу;

- өзінің кәсіби қызметін әсерлі және нәтижелі құра алуы қажет;

#### **ікемі болуы керек:**

- өнертанушық ғылыми-практикалық қызметін ұйымдастыруда өз білімдері мен ебдейліктерін тиімді қолдануы керек;

- өнер саласындағы бағыттар контекстінде өз жолын анықтай алуы керек.

#### **құзыреті болуы керек:**

- басылымдарда жарияланған мақалалары бар және заманауи театр өнерінің құбылыстарын көпшілік алдында сараптаушы ретінде авторлық сыншылық қызмет атқара білуі керек;

- өзбетінше ғылыми-шығармашылық жұмыстарды атқарып, ғылыми зерттеулерге қатысу, сонымен қатар ғылыми зерттеу тобының мүшесі ретінде көріну; ғылыми конференцияларда (республикалық, халықаралық) өз зерттеулерінің нәтижесін көрсете білуі керек;


- театр қайраткерлері: драматургтер, режиссерлер, актерлер, театр суретшілері, т.б. жұмыс жасай бәлуі керек.

- шығармашылық мәдениет пен театрдың тарихы мен теориясымен байланысты пәндер бойынша жалпы білім беру мектептері мен оқу орындарында, кәсіби білім беру мекемелерінде және балалардың қосымша білім алатын орындарында білім бере алуы қажет;

- ақпараттық технологиялардың көмегімен жаңа білімдерді алып, оларды шығармашылық-зерттеушілік қызмет тәжірибесінде қолдана білуі қажет;

- ақпараттарды басқарудың құралы ретінде компьютермен жұмыс жасаудың негізгі тәсілдерін, ақпаратты алу, сақтау, қайта өңдеудің әдістерін білу;

Қабылдау емтихандары «Магистратура және PhD докторантураға қабылдау туралы Ережеге» сәйкес ауызша жүргізіледі.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	Ф 017-2.84-2022 31.10.2022 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 4-16

## I. Пән атауы және оның негізгі бөлімдері

### 1. «Шетел театрының тарихы»

#### 1. Антика театры

Театрдың пайда болуы. Көне Грецияда театрдың пайда болуы. Бірінші театр қойылымдары. Эсхил трагедиялары. Эсхилдың театр реформалары. Софокл трагедиялары. Софокла театр реформалары. Еврипид трагедиялары. Эсхил, Софокл, Еврипид шығармашылығындағы трагедия жанрының эволюциясы. Аристофан комедиялары. Аристофан комедияларындағы саяси сатира және әшкерелеуші мінез. Аристотельдің «Поэтика» трактаты поэтикалық өнер теориясын жүйелі баяндамасы ретінде.

Рим театрының бастау көздері. Көне Рим театрының ерекшеліктері. Алғашқы Рим драматургтері. Көне Рим театрының негізгі жанрлары. Плавт комедиялары. Теренции комедиялары: жанр ерекшеліктері, мәселелер, мінездер. Көне Рим театр жанрлары. Театр және актерлер. Театр қойылымдарын ұйымдастыру. Театр ғимараттары.

#### 2. Орта ғасыр театры

Орта ғасырдағы театрдың бастау көздері. Гистриондар өнері. Карнавалдық мәдениет. Заирлы театрдың пайда болуы. Литургиялық драмадан мистерияға дейінгі ортағасыр театрының эволюциясы. Миракль, мистерия, моралите, фарс негізгі жанрлар ретінде. Генезис, семантика, семиотика.

#### 3. Қайта өрлеу дәуіріндегі Еуропа театры

Қайта өрлеу дәуіріндегі Италия театры. Қайта өрлеу дәуіріндегі итальян театр мәдениетіндегі екі бағыт: ылыми-гуманистік театр және дель арте комедиясы. «Оқу комедия». Қайта өрлеу дәуіріндегі итальян драматургиясының жанрлары. Трагедия. Пастораль.

Қайта өрлеу дәуіріндегі Испания театры. Испан театрының «алтын ғасыры». Испан театрының негізгі ерекшеліктері. Драматургтер: Сервантес, Лопе де Вега, Тирсо де Молина, П.Кальдерон.


Қайта өрлеу дәуіріндегі Англия театры. Ағылшын ренессанс театр жанрларының қалыптасуы: трагедии, комедии, хроники. Драматургия: Кристофер Марло, Джон Лили, Роберт Грин, Томас Кид, Шекспир.

#### 4. Классицизм дәуірінің Еуропа театры.

Франциядағы кәсіби театрдың қалыптасуы. XVI – XVII ғасырдың басындағы «Бургунд отелі». Актерлік ойынның стилі және декорациялық өнер. Классицистік театрдың қалыптасуы. Пьер Корнель шығармашылығы. Жан Расин драматург, қоюшы және театр педагогы ретінде. XVII ғасырдың екінші жартысындағы классицистік спектакльдің эстетикасы. Жан-Батист Мольердің театрлық қызметі.

#### 5. Ағартушылық дәуірінің театры

XVIII ғасырдағы ағылшын театры. 1720-30- жылдардағы жылауық комедия жәге тоғышарлық драма, сатиралық комедия. Ричард Бринсли Шериданның драматургиясы. Дэвид Гарриктің шығармашылығы.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	Ф 017-2.84-2022 31.10.2022 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 5-16

XVIII ғасырдағы француз театры. Вольтердің драматургиясы мен театрлық қызметі. Дени Дидроның театрлық-эстетикалық идеялары: оның «тоғышарлық драманы» дәйектеуі және «Актер туралы парадокс». Бомаршенің театрлық қызметі.

Италия театрындағы ағартушылық реформа. Дель арте комедиясының эволюциясы. Карло Гольдони комедиялары. Карло Гоццидің театр ертегілері.

XVIII ғасырдағы неміс театрының қалыптасуы. Г.Э.Лессингтің драматургиясы және театрлық-сыни қызметі. И.В. Гете драматургиясы. Фридрих Шиллердің драматургиясы және оның театрлық қызметі.

### **6. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Еуропа театры**

XVIII аяғы мен XIX ғасырдың басындағы Франция театры. Франсуа-Жозеф Тальма шығармашылығы. 1820 жылдардағы театр манифесті және романтикалық театр үшін күрес. Француз романтикалық драмасы (Виктор Гюго, Александр Дюма-отец, Альфред де Мюссе). Мелодрама және водевиль. Бульвар театрлары және олардың қызметінің ерекшеліктері. Француз романтикалық театрының ірі актерлерінің шығармашылығы (Пьер Бокаж, Мари Дорваль, Фредерик-Леметр).

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ағылшын сахналық өнері. Джордж Гордон Байрон және театр. Актерлік өнердің негізгі тенденциялары. Эдмунд Кин шығармашылығы. Чарльз Киннің режиссерлік қызметі.

Германиядағы романтикалық драманың қалыптасуы мен эволюциясы. Людвиг Тик, Генрих фон Клейст, Э.-Т.-А. Гофманның драматургиясы, театрлық-эстетикалық идеялары мен и режиссерлік қызметі. Немістің актер-романтиктері (Иоганн-Фридрих Флекк, Людвиг Девриент). Романтикалық театрдағы актерлік өнердің өзгешелігі. Неміс постромантикалық драмасы (Георг Бюхнер, Фридрих Хеббель).

### **7. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Еуропа театры**

Франциядағы натуралистік театрдың қалыптасуы. Эмиль Золяның театрлық-эстетикалық идеялары. Андре Антуанның «Бостандық театры». Символистік театрдың эстетикасы. Морис Метерлинктің драматургиясы, театрлық-эстетикалық көзқарасы және театрдағы қызметі. XIX ғасырдың аяғындағы еуропалық театрдағы неоромантизм. Эдмон Ростан драматургиясы. XIX ғ. Екінші жартысындағы Комеди Француз. XIX ғ. Екінші жартысы мен XX ғ. Басындағы ағылшын театры. Генри Ирвинг пен Э.Терри, Дж.Грейн шығармашылығы және Тәуелсіз театр.


Скандинавия театры. Жаңа драма. Генрик Ибсен «жаңа драманың» негізін салушы ретінде. Августа Стриндбергтің драматургиясы мен театрдағы қызметі.

Германиядағы сахналық өнердің дамуы. Мейнинген театры. Отто Брамның «Тәуелсіз сахнасы». Герхарт Гауптманның драматургиясы мен театрдағы қызметі. Макса Рейнгадттың режиссерлік қызметі.

### **8. XIX-XX ғғ. тоғысындағы Еуропа театры**

Француз театр авангарды. Жак Копоның «Ескі кептерханасы». «Төрттік картельдің» феномені. Сара Бернардың шығармашылығы.

XIX ғ. Екінші жартысындағы итальяндық сахна өнірінің эволюциясы. Ірі актерлері (Томазо Сальвини, Эрнесто Росси, Эрмете Цаккони, Элеонора Дузе). Италия театрындағы символизм және неоромантизм.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	Ф 017-2.84-2022 31.10.2022 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 6-16

Ағылшын театры. Оскар Уайльд драматургиясы. Эдвард Гордон Крэг драматургиясы және театрлық-сыни қызметі. Драматург, режиссер, сыншы, театр өнерінің теоретигі Бернард Шоудың шығармашылығы.

Германиядағы экспрессионистік театр. Экспрессионистік драмының поэтикасы. Режиссура принциптері. Германияның 1920-шы жылдардағы саяси театры. Эрвин Пискатордың режиссерлік қызметі. Драматург, режиссер, театр теоретигі ретіндегі Бертольд Брехттің шығармашылық қызметі. Брехттің «эпическалық театрының» концепциясы.

### **9. XX ғасырдың бірінші жартысындағы Еуропа мен АҚШ театрлары**

Француздың интеллектуалды драмасы: Жан Жироду, Ж. Ануй, Жан-Поль Сартр, Альбер Камю. Антонен Артның «қатыгездік театры».

Эрвин Пискатордың режиссерлік тәсілі. Э.Пискатордың театрлық эксперименттері. «Тоталды театр» идеясы.

Италия театры. Л.Пиранделло драматургиясы. Театр маскасы мәселесі.

XX ғасырдағы Америка театры. Юджин О'Нил, Теннеси Уильямс драматургиясы.

XX ғасырдағы Ресей театры. К.С.Станиславский режиссурасы.

А.П.Чехов драматургиясы.

### **10. XX ғасырдың екінші жартысындағы шетел театры**

Француз театры. Ж.Ануй, Ж.-П. Сартр драматургиясы. Сартрдың экзистенциалды драмасы. Абсурд театры. Сэмюэл Беккет пен Эжен Ионеско драматургиясы. Жан Луи Барро және оның «Одеон» театры; Жан Вилардың «Ұлттық халық театры».

Ұлыбританияның интеллектуалды театры. Сомерсет Моэм, Джон Пристли, Томас Элиоттың драматургиялық шығармашылығы. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Британия театры. Джон Гилгуд, Лоренс Оливье, Эдит Эванстың актерлік шеберлігі. Джон Осборнның «Оглянись во гневе» пьесасы 1950-60 жылдардағы «ашу-ыза кернеген жастардың» көңіл-күйін байқатқан шығарма ретінде. «Ройял Корт» – театрлық эксперименттер алаңы: Гарольд Пинтер драматургиясы.

Эдуардо де Филлипоның театрдағы шығармашылығы. Дарио Фо драматургиясы. Джордж Стрелер режиссурасы. «Пикколо театро ди Милано» театрының шығармашылығы.

Неміс театры. Петер Вайстың саяси және деректі драмасы. Театрдағы радикализациялау. Көше театрлары. Питер Штайн режиссурасы.

Швейцария театры. Макс Фриш пен Фридрих Дюрренматтың «Ой-сана драмалары».


Питер Бруктың режиссерлік қызметі.

Ежи Гротовскийдің эксперименттері.

Х.Леман. Постдрамалық театр. Ф.Жанти режиссурасы. Р.Лепаж режиссурасы. Драматургия және verbatim. Ресейдегі «жаңа драма». Н.Коляда драматургиясы. Германия мен Польшадағы режиссура.

## **2. «Қазақстан өнерінің тарихы»**

### **1. Қазақ театрының қайнар көзі**

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	Ф 017-2.84-2022 31.10.2022 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 7-16

Қазақ театры әлемдік өнердің бөлігі ретінде. Қазақтардың ауыз халық шығармашылығы. Ұлттық театрдың пайда болуы, қоғам қайраткерлерінің көзқарасы мен ұсыныстары. Ұлттық театр қандай болу керек? – М.Әуезов, С.Сәдуақасовтың ақыл-кеңестері. Ұлттық сахна өнерінің ерекшеліктері.

Фольклор, ауыз әдебиеті, аңыз-ертегілер, жыр-дастандар, суырып салушылық – театр өнерінің ерекшелігі.

## **2. 1920-1930 жылдардағы қазақ театры**

Қазақстандағы сахналық өнер мен драматургияның алғашқы қадамдары. Халық шығармашылығы. Қазақ театрының ұлттық ерекшеліктері.

Мемлекеттің театр өнері. Қазақстанға орыс актерлерінің келуі. Орыс театрының шығармашылық ұжымдарға тигізген ықпалы.

Театр Қызылордада. Актерлік және режиссерлік өнердің қалыптасуы мен кәсібиленуі. Сахналықөнер. Репертуар. Жұмат Шанин және театр.

## **3. Қазақ театры Алматыда.**

Шығармашылық құрамның өзгеруі. Жаңа мақсаттар мен міндеттер. Репертуардың қалыптасуы. Ж. Шанин, Б. Майлин, М. Әуезовтің драматургиясы.

Режиссурадағы жаңашылдық. Орыс, шетел классикасымен жұмыс.

Орыс режиссерлерін тарту. М.Әуезов, С.Сейфуллин, Б.Майлин драматургиясындағы жаңа мәселелер. Б.Майлиннің «Майдан», М.Әуезовтың «Түнгі сарын» пьесалары мен олардың жаңа шешімі.

Қазақ музыкалық театрының құрылуы (1933 ж). Мәскеудегі қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігі (1936 ж.). Соғысқа дейінгі жылдардағы қазақ театрының қалыптасуы және дамуы. Я.П. Танеев, М.Г. Насонов, И.Г. Боров, М.А. Соколов, Ю.Л. Рутковский, М.В. Соколовский сынды дарынды орыс режиссерлерінің белсенді көмегі. Қазақ актер жастарының К.С. Станиславский жүйесімен таныстығы.

М.Әуезов пен Л.Соболевтің «Абай» пьесасының қойылуы. Қоюшы-режиссер А.Тоқпанов. «Абай» трагедиясының сахналық шешімі.

## **4. Соғыс жылдарындағы театр (1941-1945)**


Соғыс жылдарындағы қойылымдар – М.Әуезовтың «Сын сағатта», М.Әуезов пен Ә.Әбішевтің «Намыс гвардиясы», В.Вольфтің «Профессор Мамлок», С.Мұқановтың «Жеңіс жыры», Ә.Әбішевтің «Молния». Бұл қойылымдардағы қаһармандық-патриоттық пафос. Майдан даласында өнер көрсету үшін концерттік бригадалардың ұйымдастырылуы. Сол кезеңдегі көрерменге соғыс тақырыбына арналған спектакльдердің маңызы.

Қазақстандағы соғыс жылдарындағы «Моссовет» театры. Г. Уланова және Абай атындағы опера және балет театрының балет труппасы.

## **5. Соғыстан кейінгі жылдар**

Соғыстан кейінгі жылдардағы репертуар. Осы кезең драматургиясындағы ұлттық мінез бен бүгінгі күн өмірінің көрінісі.

Театр сахнасындағы жаңа қойылымдар: М.Әуезовтың «Қобланды», М. Горькийдің «Шыңырау түбінде», Н. Погодиннің «Мылтықты адам», А. Штейннің «Закон чести» т.б..

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	Ф 017-2.84-2022 31.10.2022 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 8-16

Сахнадағы проза. Мәскеудегі Қазақстан әдебиеті мен өнерінің екінші онкүндігі (1958). Қ.Қуанышбаев, Ш.Аймановқа КСРО халық артисі атағының берілуі.

### **6. 1960-1990 жылдардағы қазақ театры**

Қазақ әдебиетінің классигі, қазақ ұлттық драматургиясы мен театр өнерінің іргесін қалаушы Мұхтар Әуезовтың есімі театрға берілуі. Театрдың шығармашылық өсуі мен қойылымдардың тақырыптық диапазонының кеңеюі. М.Әуезов атындағы қазақ театрының 1964 жылы Мәскеуге гастрольдік сапары. Театрдың ұлттық классикалық шығармаларға жаңаша келуі, замандас бейнесінің күрделі де бай әлемін ашуы. Заманның өзекті мәселелерінің көтерілуі.

Дарынды актерлердің жаңа ұрпағы: А. Әшімов, Ф. Шәріпова, Ә. Молдабеков, Р. Әуезбаева, Е. Жайсаңбаев, М. Мұраталиев, Р. Сейтметов, С. Оразбаев, Н. Мышбаева, Т. Тасыбекова, т.б.

Режиссер Әзірбайжан Мәмбетовтың шығармашылығы және оның қойылымдары.

### **7. Қазақ классикалық драматургиясының жаңа шешімдері**

М.Әуезов пен Ғ.Мүсірепов драматургиясының өзара әсері. Қазақ классикалық драматургия мен әдебиетіне режиссураның жаңа көзқарасы.

«Абай» спектаклінің жаңа интерпретациясы. 1940 жылғы режиссер А.Тоқпанов пен 1962 жылғы режиссер Ә.Мәмбетов қойылымдарына салыстырмалы талдау.

Театрдың Францияның Нанси қаласындағы «Ұлт театр» фестиваліне қатысуы. Ғ.Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» спектаклінің көрсетілуі.

### **8. Қазақстанның облыстық театрлары**

Қызылорда, Талдықорған, Шымкент, Жезқазған, Семей, Қарағанды, Тараз, т.б. қалалардағы театрлар.

Қазақстанның балалар мен жасөспірімдер театры. 1945 жылы 7 қарашада театрдың (орыс труппасы) «Қызыл телпек» спектаклімен ашылуы.

Қазақстанның балалар мен жасөспірімдер театрының қазақ труппасының құрылуы. А.Толстойдың «Алтын кілт» қойылымы, режиссері Н.И.Сац.

Соңғы жылдардағы қуыршақ театрының жетістіктері.

### **9. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ театры**

Қазақстанның тәуелсіздігіне қол жеткізуі. Қазақ халқының тарихында жаңа тақырыптың пайда болуы. Драматург шығармашылықтарындағы Қазақстан тарихына деген жаңа көзқарас. Тәуелсіз қазақстанның жаңа драматургиясы.

Ж.Хаджиев, Б.Атабаев, Н.Жақыпбай режиссурасы.


Актерлік шеберлік және сахналық мектептің өзекті мәселелері.

Қазіргі театр алдында тұрған мақсаттар мен міндеттер, театр фестивальдері мен өзекті мәселелер.

### **10. Қазақстанның ұлттық театрлары**

Қазақстанның ұлттық театрларының тарихы мен дамуының негізгі кезеңдері. Орыс театрлары және ұйғыр, кәріс, неміс, өзбек театры. Ұлттық театрлардың іргесін қалаушылар мен замандас қайраткерлердің шығармашылығы.



	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	Ф 017-2.84-2022 31.10.2022 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 9-16

### **3. «ТМД театрының тарихы»**

#### **1. Орыс театрының қайнар көзі**

Орыс театрының пайда болуы және дамуының алғашқы кезеңі. XVII ғасырдағы орыс театры. XIX ғасырдағы орыс театры (драматургия, сахналық өнер). А.С.Пушкин драматургиясы. М.Ю.Лермонтов драматургиясы. А.Н.Островский мен И.В.Гогольдің драматургиясы.

#### **2. XIX-XX ғ. Тоғысындағы орыс театры. Драматургия мен режиссура. XX ғасырдың басындағы орыс театры.**

К.С.Станиславскийдің театрлық қызметі. Театр шеберлігінің қалыптасу кезеңдері. Мәскеу көркем театрының құрылуы. МКТ қалыптасу мен даму кезеңдері. К.С.Станиславскийдің актерлік өнері. К.С.Станиславскийдің режиссерлік принциптері.

В.И. Немировича - Данченконың театрлық қызметі. В.И. Немировича-Данченконың драматургиялық тәжірибесі. К.С.Станиславскиймен шығармашылық кездесуі. Мәскеу көркем театрындағы жұмысы. Режиссерлік әрі педагогикалық қызметі.

А.П.Чехов драматургиясы. А.П.Чехов (1860-1904). Алғашқы тәжірибелері. А.П.Чеховтың водевильдері. А.П.Чехов және «жаңа драма». М.Горькийдің драматургиясы. М.Горькийдің драматургия мен театрға көзқарасы. Қазан төңкерісіне дейінгі М.Горькийдің пьесалары. «Тоғышарлар». «Шыңырау түбінде». «Саяжайшылар». «Күннен туғандар». М.Горький және Мәскеу көркем театры.

#### **3. XIX-XX ғасырлар тоғысындағы, төңкеріске дейінгі ТМД республикаларының ұлттық театрлары**

Армения мен Грузия театрларының пайда болуы және дамуының алғашқы кезеңдері. Арменияның пұтқа табынушылық салттарындағы театрлық элементтер. Эллинистік Арменияның театры.

Грузиядағы мектеп театры. Класицисттик қойылымдар. 18-19 ғасырлардағы Грузия театры. Грузин кәсіби театры.


#### **4. XIX-XX ғасырлар тоғысындағы, төңкеріске дейінгі ТМД республикаларының ұлттық театрлары. Украина мен Белоруссия.**

Украина халқының салт-жораларындағы театрлық элементтер. Скоморохтар. Вертеп – қуыршақ театры. Белорусь, украин және орыс халықтарының театр мәдениетіндегі ортақтық.

Белорусь халқының салт-дәстүрлеріндегі театр элементтері. Скоморохтар. Белорусь қуыршақ театры – батлейка (16 ғ.). 16-18 ғасырлардағы Белорусиядағы мектеп театры. Белорусия жеріндегі крепостнойлық театр.

#### **5. XIX-XX ғасырлар тоғысындағы, төңкеріске дейінгі ТМД республикаларының ұлттық театрлары. Әзірбайжан.**

Әзірбайжанның фольклорлық театры. Халық шығармашылығындағы театр элементтері. Халық театрларының түрлері оюн мен тамаша. Қуыршақ театры. XIX ғасырдағы әзірбайжан театры.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	Ф 017-2.84-2022 31.10.2022 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 10-16

### **6. 1960 жылдарға дейінгі орыс театры.**

В.Э Мейерхольд режиссурасы. Мейерхольдтің сахна айқындығын іздеудегі жаңа шешімдері. Мейерхольд режиссурасының принциптері. Мейерхольд биомеханикасы.

Е.Б.Вахтангов режиссурасы. Е.Б.Вахтангов режиссурасының принциптері. В.Маяковский драматургиясы. Қазан төңкерісінен кейінгі Мәскеу көркем театры. Мәскеу көркем театрының актерлік мектебі. В.И.Качалов, И.М.Москвин, О.Книппер-Чехованың өнері. М.Булгаков және МКАТ. МКАТ сахнасындағы классика. А.Я.Таиров және Камералық театр. Таиров қойылымдарының эстетикасы.

### **7. 1960 жылдардан кейінгі орыс драматургиясы**

А.Арбузовтың, В.Розовтың, А.Володиннің драматургиясы. Қазіргі заманғы қаһарманды іздеу. Драматургияның жаңа тақырыптары мен мәселелері. А.Вампиловтың драматургиясы. Жаңа эстетика. Жаңа драмалық қаһарман. Жаңа толқын драматургиясы. Л.Петрушевская, С.Злотников, В.Арро және т.б.

### **8. 1960-шы жылдардан кейінгі орыс режиссурасы**

1960-1980 жылдардағы режиссура. О.Н.Ефремов режиссурасы. «Современник» театрының құрылуы. Ефремов – театрдың бас режиссері. Г.Товстоногов режиссурасы және Ленинградтағы Үлкен драма театры (БДТ). А.В.Эфрос режиссурасы. Кіші Броннойда орналасқан Мәскеу драма театрындағы жұмысы. Эфростың актерлері. Ю.П.Любимов режиссурасы және Театр на Таганке.

### **9. Орталық Азия театрлары.**

Орталық Азия аймағындағы фольклорлық театр: Тәжікістан, Түркмения, Қырғызстан. Тәжік халық театрының театрлық түрлері. Түрікмен және қарғыз ақындарының айтысы. Революцияға дейінгі жылдардағы аймақтың театр өнері. Әуесқойлық труппалар.

Тәжікістан, Түркмения мен Қырғызстандағы алғашқы кәсіби труппалардың пайда болуы. Ұлттық актерлік труппаларды құрудағы мәселелер. Ұлттық актерлік мектептердің қалыптасуы.

### **10. Ресей және ТМД елдерінің қазіргі драматургиясы, актерлік өнері мен режиссурасы.**

Драматургия мен режиссура. Актерлік өнер. Дамудың негізгі бағыттары. Жыл сайынғы «Алтын маска» театр фестивалі. А.Казанцев пен М.Рощиннің жетекшілігімен драма және режиссура орталығы, «Дос», «Практика» театрлары. Жаңа буынның тәжірибелік қойылымдарындағы театр тілінің жаңаруы: Ю.Бутусов, К.Серебренников, К.Богомоллов және т.б. режиссурасы.


	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	Ф 017-2.84-2022 31.10.2022 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 11-16

## II. Емтихан сұрақтары «Шетел театрының тарихы»

1. Көне грек театр мәдениетінің классикалық кезеңі (б.з.д. V ғ.).
2. Рим Республикасы кезеңіндегі театр мен актерлер.
3. Империя кезеңіндегі Көне Рим театрының ерекшеліктері. Сенека драматургиясы.
4. Миракльдің ерекшеліктері: қасиеті, діни сезім мен шынайы мотивтердің болуы, дидактикасы
5. Дель арте комедиясы Италияның ұлттық театр жүйесі ретінде.
6. Қайта өрлеу дәуіріндегі Испания театрының негізгі даму кезеңдері.
7. Шекспир шығармашылығының негізгі кезеңдері мен драматургиясының жанрлары.
8. Классицизм театр өнерінің негізгі принциптері
9. Дени Дидро драматург және театр теоретигі ретінде
10. Пьер Огюстен Бомарше және оның Фигаро туралы ұлы трилогиясы
11. Реставрация кезеңіндегі ағылшын театры. Дэвид Гаррикс шығармашылығы
12. Карло Гольдони – Италия театрының реформаторы
13. Г.-Э.Лессингтің эстетикалық көзқарасы мен театрлық-сыни қызметі
14. И.В.Гете режиссер және театр басшысы ретінде
15. Ұлы Француз революциясы кезіндегі француз театры
16. XIX – XX ғасырлар тоғысындағы режиссерлік театрдың құрылуына «жаңа драманың» тигізген ықпалы (Г. Ибсен, М. Метерлинк, Б. Шоу).
17. Театрдың натуралистік моделі: мейнингендіктердің «археологиялық натурализмі» мен Андре Антуанның «Тәуелсіз театрының» «физиологиялық натурализмі».
18. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Германиядағы актерлік орындаушылық өнердің дамуы
19. XIX – XX ғасырлар тоғысындағы актерлік өнер: Сара Бернар ойынындағы модерн мен Элеонора Дузе ойынындағы психологиялық реализм.
20. А. Салакру, Ж. Кокто, Ж. Жироду шығармашылығындағы интеллектуалды драматургияның эволюциясы
21. «Картель» театр бірлестігі: құрылу тарихы, режиссура және эстетика ерекшеліктері.
22. Б.Брехт және оның «эпикалық театр» теориясы
23. XX ғасырдың ортасындағы Еуропалық драматургия мен театрдағы «абсурд театры»
24. Юджин О’Нил – нағыз ұлттық американдық драматургияның негізін салушы
25. «Пикколо де Милано» театры: құрылу тарихы, көрнекті спектакльдері мен маңызы.

### «Қазақстан өнерінің тарихы»

1. Қазақ ұлттық ойындарындағы театрлық элементер
2. Қ.Қуанышбаевтың шығармашылық жолы, актер даралығының ерекшеліктері, негізгі жұмыстары

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	Ф 017-2.84-2022 31.10.2022 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 12-16


3. Қазақ театрының қалыптасуына орыс мәдениетінің тигізген ықпалы
4. Ж. Аймауытовтың қазақ театрының қалыптасуындағы ролі
5. Қазақ драматургиясының қалыптасуы (1920-жылдар)
6. Қазақ мемлекеттік театрдың құрылуы
7. 1930 жылдардағы актерлік және режиссерлік өнердің қалыптасуы мен дамуы
8. М.Әуезовтың театрлық-эстетикалық көзқарастары мен драматургиясының көркемдік ерекшеліктері
9. Режиссер Ж. Шаниннің шығармашылығы
10. Ұлттық классикалық шығармаларға негізделген қойылымдар (1930-1960)
11. Қазақ театрының дамуына орыс режиссерлік мектебінің әсері (1930 жылдар)
12. Мемлекеттік музыкалық театрдың құрылуы
13. Қазақ театрының іргетасын қалаған қайраткерлер
14. Қазақ актерлік өнердің дамуы (1960-1990)
15. Шахмет Хұсайыновтың драматургиясы және олардың сахналық қойылымы
16. Екінші дүниежүзілік соғыс дәуіріндегі театрдың драмалық және қаһармандық пафосы
17. 1950 жылдардағы қазақ драматургиясындағы «тартыссыздық теориясы»
18. Ш.Айтматов және қазақ театры
19. Ғ.Мүсрепов драматургиясының қазақ театрының дамуындағы ролі.
20. Абай атындағы Ұлттық опера және балет театрының шығармашылық жолы
21. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ театрының дамуы
22. Ә. Мәмбетов және қазақ театры
23. Қазақ қуыршақ театры
24. Қазақстан театр режиссурасындағы заманауи эксперименттік формалар
25. Қазақстандағы «жаңа драма»

#### «ТМД театрының тарихы»

1. Беларусь, украин және орыс халықтарының театр мәдениеті бастауларының жалпылығы. Скоморохтар
2. Қазақ, түрікмен және қырғыз халықтары арасындағы ақындар сайысы. Манасшы.
3. Украина мен Белоруссияның қазіргі театры
4. Орталық Азияның қазіргі театры
5. Кавказ республикаларының қазіргі театры
6. Кеңес дәуіріндегі В.Э Мейерхольд шығармашылығы
7. XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы Мәскеу көркем театрының эстетикалық ізденістері.
8. А.С.Пушкиннің негізгі драмалық шығармалары мен олардың сахналық тағдыры
9. XIX –XX ғ. Режиссерлік ой мен актерлік өнердің дамуына А.Грибоедовтың «Ақылдан азап» пьесасының тигізген ықпалы
10. Н.В. Гоголь театр теоретигі және «қоғамдық комедияның» негізін салушы ретінде
11. 1930 жылдардағы КСРО-да театр ісін ұйымдастыру.


	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	Ф 017-2.84-2022
		31.10.2022 ж.
<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі		Бет 13-16

12. Әзірбайжан театрының контекстіндеі У.және З.Гаджибековтердің шығармашылығы
13. К.Марджанишвилидің режиссурасы мен театрлық ызметі
14. А.П.Чехов пьесаларының шығу тарихы мен олардың сахналық тағдыры
15. Станиславский жүйесі және оның әлемдің театрдың дамуына ықпалы
16. Ю.Любимов және «Таганкадағы драма және комедия театрының» құрылуы.
17. КСРО-дағы тартыссыздық теориясы және «Мәскеу көркем театрына» теңелу
18. 1950-60 жылдардағы пьесалардағы әлеуметтік-философиялық және моральдық мәселелер.
19. ХХІ ғасырдың басындағы Украина режиссерлерінің театрлық эксперименттері.
20. М.Вайль режиссурасы және «Ильхом» театры
21. Мәскеу көркем театрының ұйымдастырылуы - театр өнері дамуындағы жаңа кезең.
22. Ресей, Украина және Беларуссия аумағында крепостнойлық театр.
23. Қазіргі Ресей театры дамуының негізгі тенденциялары.
24. Ресейлік театр фестивальдері, олардың қазіргі мәдени өмірдегі орны мен ролі.
25. «Жаңа толқын» драмасының пайда болуы және оның кеңес театры үшін маңызы: В. Арро, Л. Петрушевская, А. Галин, А. Гельман, Л. Разумовская.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	Ф 017-2.84-2022 31.10.2022 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 14-16

### III. Әдебиеттер тізімі

1. Аникст А.А. Театр эпохи Шекспира. М., 2006
2. Аникст А.А. Шексир. Ремесло драматурга. М., 1974.
3. Бояджиев Г.Н. Вечно прекрасный театр эпохи Возрождения. М., 1973.
4. Буркгардт Я. Культура Италии в эпоху Возрождения. – М., 2002.
5. Головня В.В. История античного театра. М., 1972.
6. Гвоздев А.А., Пиотровский А. История европейского театра: Античный театр. Театр эпохи феодализма. – М., 2013.
7. Гораций. Об искусстве поэзии. - М., 1970.
8. Гуревич А.Я. Проблемы средневековой народной культуры. – М., 1981.
9. Гуревич А.Я. Категория средневековой культуры. – М., 1984.
10. Дживелегов А.К. Итальянская народная комедия. М., 2015.
11. История западноевропейского театра. т.1. М., 1956.
12. Дживелегов А.К., Бояджиев Г.Н. История западноевропейского театра от возникновения до 1789 года: Учебник для студентов театральных вузов. – М., 2013.
13. Каллистов Д.П. Античный театр. Л., 1970.
14. Комарова В.П. Личность и государство в исторических драмах Шекспира. Л., 1977.
15. Мокульский С.С. История западноевропейского театра. Т.1.
16. Морозов М. О Шекспире – в кн.: М. Избранное. М., 1979.
17. Пинский Л.Е. Шекспир. Основные начала драматургии. – М., 1971.
18. Средневековые французские фарсы. М., 1981.
19. Силюнас В. Испанский театр XV-XVI веков. – М., 1995.
20. Томашевский Н.В. Вступит. статья в кн. «Кальдерон. Пьесы» в 2-х т. М., 1961.
21. Тронский И.М. История античной литературы. М., 1988.
22. Ярхо В.Н. Драматургия Эсхила и некоторые проблемы древнегреческой трагедии. М., 1978.
23. Бобылева А.Л., Западноевропейский и русский театр XIX-XX веков. –М., 2011.
24. Аймауытов Ж. Шернияз, (Құрастырған Б.Құндақбаев. Алматы, 1990ж.)
25. Ахтанов Т. Ана дауысы. Пьесалар. А., “Жалын”, 1978ж.
26. Әуезов М. 20 т. Шығармалар жинағы. 9 т. Пьесалар. А.”Жазушы”, 1969 ж.
27. Байсейітов Қ. Шаңғытбаев Қ. “Беу қыздар-ай”, Пьесалар жинағы. А., “Жазушы”, 1972
28. Бадыров Қ. Театр моя судьба. А., “Өнер”, 1987 ж.
29. Бел-белестер. (Құрастырған Б.Құндақбаев) А., 1987 ж.
30. Байсеркенов М. Қойылым және колтаңба. А., “Өнер”, 1989ж.
31. Байсеркенов М. Сахна және актер. А., “Ана тілі”, 1993 ж.
32. Богатенкова Л.И. Вернось времени. А., “Өнер”, 1981 г.
33. Богатенкова Л.И. Современное казахское сценическое искусство. А., Наука”, 1979 г.
34. Богатенкова Л.И. Театр поиски и надежды. А., “Наука”, 1983г.
35. Богатенкова Л.И. В поисках невымышленного времени. Алматы, Ғылым, 1996 г.
36. Казахские областные театры. А., “Наука”, 1996 г.
37. Қазақ театрының тарихы. I том, А., “Ғылым” 1975 ж.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	Ф 017-2.84-2022 31.10.2022 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 15-16

38. Қазақ театрының тарихы. II том, А., “Ғылым” 1978 ж.
39. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. А.,”Рауан”, 1994 ж.
40. Құндақбаев Б. Путь театра. А.,”Жалын”, 1976 ж.
41. Құндақбаев Б. Уақыт және театр. “Өнер”, 1981 ж.
42. Құндақбаев Б. Мұхтар Әуезов және театр. А., “Өнер”, 1981 ж.
43. Құндақбаев Б. Заман және театр өнері. А., “Өнер”, 2001 ж.
44. Қуандықов Қ. Тұңғыш ұлт театры. А., “Жазушы”, 1969 ж.
45. Қуандықов Қ. Театрда туған ойлар. А., ”Жазушы”, 1972 ж.
46. Қойшыбаев Б. Ұлт театры шаңырағын көтеруші. Алматы,2000ж.
47. Тоқпанов А. Бүгінгі күнге дейін. А., “Жалын”, 1971 ж.
48. Тоқпанов А. Іңкәр дүние. А., ”Жалын”, 1991 ж.
49. Тоғжанов Ғ. І.Жансүгіров. Қазақ театр өнері туралы, А.,1933 ж.
50. Сығаев Ә. Іңкәр шақ. А., “Жалын”, 1978 ж.
51. Сығаев Ә. Сахнаға сапар. А., “Өнер”, 1990 ж.
52. Сығаев Ә. Сыр сандық. А., “Өнер”, 1981 ж.
53. Львов А.И. Казахский театр. Очерки истории. М.”Искусство”, 1961 ж.
54. Нұрпейіс Б. Қазақтың жастар мен балалар театры. А., «Алматы баспа үйі», 2006 ж.
55. Бентли Э. Жизнь драмы. М. : Симпозиум, 2004. – 416 с.
56. Волькенштейн В. Драматургия. М. : Искусство, 1937 . – 273 с.
57. Egri L. The Art of Dramatic Writing: Its Basis in the Creative Interpretation of Human Motives. New York: Touchstone, 1972. – 305 p.
58. Parra A. Playwriting for Dummies. Indianapolis, Indiana: Wiley Publishing Inc., 2011. – 384 p.
59. Владимиров С. В. Действие в драме. 2-е изд. доп. СПб.: Издательство СПбГАТИ, 2007. – 192 с.
60. Костелянец Б.О. Драма и действие: Лекции по теории драмы. М.: Совпадение, 2007, 502 с.
61. Квинт Гораций Флакк. Послание к Пизонам. Хрестоматия по античной литературе в 2 томах. Т.2. Римская литература. Сост. Н.Ф. Дератани, Н.А.Тимофеев. М.: Просвещение. 1965. – 679 с.
62. Джонстон Б. Текст и сверхтекст в драматургии Ибсена/Границы спектакля. Сборник статей и материалов. Под ред. Ю.М. Барбой, Л.И. Гительман, Е.И. Горфункель. Спб.. 1999. – 175 с.
63. Зингерман Б.И. Очерки истории драмы XX века: Чехов, Стриндберг, Ибсен, Метерлинк, Пиранделло, Брехт, Гауптман, Лорка, Ануй. М.: Наука, 1979. – 392 с.
64. Балухатый С.Д. Проблемы драматургического анализа. Чехов. Л.: Academia, 1927. – 186 с.
65. Аникст А.А. Теория драмы от Пушкина до Чехова. М.: Наука, 1972 г. – 642 с.
66. Jordan. E. Chambers L. The Theatre of Martin McDonagh: a World of Savage Stories. Dublin: Carysfort Press, 2006. – 443 p.
67. Громова М. Русская драматургия конца XX – начала XXI века. М.: Флинта, 2009. – 460 с.
68. Леман Х-Т. Постдраматический театр. М.: ABCdesign, 2013. – 312 с.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b>	Ф 017-2.84-2022
	<b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	31.10.2022 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 16-16